



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен және "Мемлекет тарихы
институты" мемлекеттік мекемесімен шығармашылық байланыста шығарылады

АЗАК



№7 (154), 2017



ғылыми-әдістемелік журнал

ТАРИХЫ

*«Нұр Отан» партиясы Әуезов аудандық филиалында: дәстүрлі
«Мектепке жол» акциясына қатысушылардың бір тобы*



Бұл туралы журнал мұқабасының 2-бетінен оқисыздар

E-mail: kaztar62@mail.ru

Тел/факс: 8 (727) 249-27-93

Біздің сайт: Kaztar.kz

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрінің 2002 жылы
3-намырада тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№7 (154),
ҚЫРКҮЙЕК
2017 ЖЫЛ

1993 жылдың шілдесі
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нүргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Аяғаз, Х.Әбжанов, Т.Омарбеков, Ә.Мұқтар – т.ғ.д., проф.;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ысмағұлов – т.ғ.д. доц.; Н.Әлімбаев, А.Жұмалид, Ж.Әшірбекова, Д.Салқыбек, К.Құнапия – т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – н.ғ.к.

С.Әбішқызы – туңғыш бас редактор. Б.Матеева – ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева, Г.Серікбаева, С.Ишебаева, Ш.Тауымбетова – озық ұстаздар.

Басуға 14.09.2017 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16}.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1650.
Индексі – 75748.
Талпырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Дала-принтте" басылды.

Ғылыми теориялық мақала авторлары, орысша, ағылшынша тілдің және мәмістер тарихы тарихшы докторлардан жазылаша пікір ұсынуға міндетті. Мақаланың ғылыми нақтылығына, тілдің жақсылығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналыға 1 жылға толық жазылған түртізгенің көшірмесін салуы қажет. Авторлардың байлам-тұжырымдары редакция көзқарасымен сәйкестенді де жүргізіл. Көшіріп басылса не пайдаланылса, сілтеме жасауы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Әбілсейіт Мұқтар. Орта ғасырдағы Сарайшық.....	2
Заринэ Жандосова, Нұрлан Атығаев.	
Иран кітапханаларындағы дереккөздер.....	6
Сабырхан Сымағұлов. Алаш зиялылары және дін мәселесі.....	9
Рауан Байдалы. Айдархан Тұрпыбайұлы.....	12
Ө.Исенов, Г.Балғабаева. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік топ.....	14
Загира Тоқбергенұлы. Қазақстанның оңтүстік өңірі.....	16
Асқар Мақып. "Хабарсыз кеткен" дивизияның қазағы.....	18
Марван Хамитова. Жұлдызды ана Кәмшат Дөненбаева.....	21
Елдос Қариев, Дана Самратова. Шығыс Қазақстан археологиялық ескерткіштерінің зерттелу тарихы.....	23
Әсемгүл Темірханова. "Батыр Баян" поэмасының тарихи негізі.....	25
Шуақ Нұсқабаев. Дулат Бабатайұлы шығармалары.....	27
Жанар Саурықова, Дария Асымова. Көрнекілік құбылысы.....	29

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Аққали Ахмет. Исатай-Махамбет көтерілісі – "Қазақстан тарихы" оқулықтарында.....	32
Динара Игенбаева. Жаңартылған бағдарлама.....	34
Қалбибі Игенбаева. Ғылым мен білімнің дамуы.....	36
Әлия Байсақалова. Еркіндігім – елдігім, тәуелсіздік – теңдігім.....	37
Назым Бектұрғанова. XVIII ғасырдағы Қазақстан мәдениеті.....	38
Назым Қасымбекова. Жаңа технологияларды пайдалану.....	39
Қаныш Садыр. Нарын жиегіндегі шағын ауылдың тарихы.....	40
Айбек Бейсекенов. Еңбек ер атандырады.....	41

Фарида Несіпақынова. Сарматтар.....	42
Айман Нәдірәсінова. Қаңлылар.....	43
Айнаш Өзербаева. Қытай авторлары үйсіндер туралы не жазды.....	44
Нұршайым Төлеубаева. Сақтар.....	45
Клара Дәуренбекова. Ежелгі сарматтар.....	47
Гүлжан Күлбебаева. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.....	48
Айнұр Мұсаева. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.....	49
Кенже Мұхадиева. Ежелгі адамдардың өміріне саяхат.....	50
Айгерім Омарова. Ежелгі көшпелілер өмірі.....	51
Сәуле Разақова. Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі.....	52
Эльвира Сәдірмекова. Ғұндардың Қазақстан аумағына қоныстануы.....	53
Элиза Укібаева. VI – IX ғасырлардағы Қазақстан.....	54
Сандұғаш Шөдиева. Сақтар.....	55

ИРАН КІТАПХАНАЛАРЫНДАҒЫ ДЕРЕККӨЗДЕР

(Ортағасырлық Қазақстан тарихы бойынша)

Заринэ ЖАНДОСОВА (Джандосова),
тарих ғылымдарының кандидаты,
Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің доценті,
Нұрлан АТЫҒАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының жетекші ғылыми қызметкері

Бүгінгі өзекті болып тұрған қоғамның рухани жаңғыру мәселесінде тарихтың атқарар қызметі үлкен екені сөзсіз. Өткенімізді зерделеп, одан тағылым алмай ұлттық бірегейлікті сақтап, жаңа қазақстандық патриотизмге, ұлттық құндылықтар мен прагматизмге негізделген қоғам құруға болмайды.

Ұлттық тарихымызды зерттеуде шет елдерде сақталған жазба деректердің маңызы өте зор екені белгілі. Қазақстан тарихына қатысты сондай көптеген құнды дереккөздер Иран Ислам Республикасының кітапхана қорларында сақталған. Оларды зерттеп, ғылыми айналымға енгізу — отандық тарихшылардың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.

2013-2015 жылдары Қазақстан тарихы жайлы дереккөздерді жинақтау мақсатында Иранға ғылыми іссапарлар жасалды. Осындай іс шараларға біз де қатысып, ортағасырлық тарихымыз бойынша материалдарды іздестіріп, жинақтау мақсатында бірнеше кітапханада ғылыми ізденістер жүргіздік.

Иран Ислам Республикасындағы ғылыми жұмыс барысында осы елдің қолжазба қорларында қазақ халқының ортағасырлық тарихына қатысты келесі қолжазбалар бары анықталып, олардан толық немесе қажетті парақтарынан көшірмелер жасалып, Қазақстанға әкелінді:

I «Малек» мұражайы мен Ұлттық кітапханасы:

1) «Тарих-и Сефеви» (№4075).

Қолжазба хижраның 12 ғасырында (XVIII ғ.) жазылған, басы мен соңы жоқ, арасында таза, бос парақтар кездеседі, барлығы 372 парақ, жазуы — насталик.

«Тарих-и Сефеви» авторы (көшіруші?) — Исмаил Хусайни Марашин. Шығарма Иран мен Азербайжанда билік құрған Сефевидтер әулетінің тарихына арналған. Одан Сефевидтер мен өзбек билеушілерінің Хорасан және Мавара-н-нахр үшін соғыстары туралы айтылған парақтар көшіріліп алынды. Бұл оқиғаларға байланысты шығармада қазақтар туралы да мәліметтер беріледі. Қасым ханның («Дала падишахы» деп те аталады) баласы Әбілқайырдың қызылбастарға қарсы жасаған жорығы туралы баяндалады. Қолжазба Сефевидтердің әскери қолбасшысы Надждам Санидың қырғыздардан азық-түлік жинауға баруы туралы мәліметпен үзіледі.

2) «Нусах-и джаханара» (№3889) шығармасы.

Қолжазбада 183 парақ, жазуы — анық оқылатын насталик.

«Нусах-и джаханара» («Әлемді арайландырушының тізімі») авторы — Кази Ахмад ал-Гаффари

Казвини. Шығарма үш бөлімнен (нусахадан) тұрады: 1-бөлімде ежелгі пайғамбарлардың, Мұхаммед пайғамбар мен 12 имам тарихы, 2-бөлімде пұтқа табынушылар, исламға дейінгі және ислам заманындағы билеушілердің тарихы, 3-бөлімде Сефевидтер әулетінің тарихы баяндалады. Соңғы бөлімде Сефевидтердің өзбектермен Хорасан үшін күресі, сондай-ақ Дешті Қыпшақ туралы қысқаша баяндалады.

«Алтын Орда тарихына қатысты материалдар жинағының» 1941 жылы жарық көрген 2-томында «Нусах-и джаханара» шығармасындағы Жошы ұлысының тарихына қатысты үзінділер орыс тіліне аударылып, парсы мәтінімен қоса берілген. Дешті Қыпшақ хандарына арналған екінші тарауда қазақ билеушілері туралы қысқа мәліметтер берілген. Онда Қасым ханның өзбек билеушісі Шайбақ ханмен (Мұхаммед Шейбани) соғыстары, өзбек билеушісінің 915 ж. (=21.04.1509 — 9.04. 1510 жж.) Қасым ханға қарсы жорық жасағаны, онда өзбектер жеңілгені туралы баяндалған. Қасым ханның 930 ж. (=10.11.1523 — 28.10.1524 жж.) қайтыс болғаны, оның ұлы Хақ-Назардың қазақтардың сол кездегі билеушісі екені айтылған (100 п.). 1963 жылы Кази Ахмад ал-Гаффаридің «Нусах-и джаханара» шығармасы Хасан Ниракидің кіріспе сөзімен Тегеранда басылып шыққан.

3) «Алам-ара-ий-Аббаси» (№4374) шығармасы.

Қолжазбаны Мұхаммед Иахья б. Рустам Кийа хижраның 1044 жылы (1634 ж.) көшірген, жазуы — насталик. «Алам-ара-ий-Аббасидың» авторы — Искандар-бек Мунши түркімен (1560/61 — 1633/34).

Шығарма Сефевид билеушісі I Аббас шахқа (1587-1629 жж. билік еткен) арналған. Одан Сефевидтер мен Шайбанистердің күресін баяндайтын тараулардан қазақтар, Тәуекел хан туралы мәліметтер берілген парақтар көшіріп алынды.

4) «Тарих-и алфи» («Мың жылғы тарих») (№4376).

Өзге атауы — «Тарих-и Акбари». Қолжазба хижраның 13 ғасырында (XIX ғ.) жазылған, барлығы 701 парақ, жазуы — насх. «Тарих-и алфидің» авторы — мұлла Ахмад б. Насрадлах Дейлами Татави. Үндістанда, моғұл билеушісі Ұлы Ақбар кезінде, оның бұйрығымен исламның 1000-жылдық мерейтойына арналып жазылған шығарма. Онда мұсылман тарихының ең көрнекті оқиғаларының қысқа жылнамасы берілген. Сефевид мемлекетінің билеушісі шах Тахмасптың кезіне дейінгі, хижраның 982 жылына (1574 ж.) дейінгі оқиғалар баяндалған.

Қолжазбадан Қыпшақ даласы аталатын парақтар көшіріп алынды. Саибектің (Жәнібектің) ұлы Қасым

хан, дала әміршісі, туралы айтылған (630 бет). Негізі автордың бұл мәліметтері Мырза Мұхаммед Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегінен алынған.

5) «Тарих-и шах-и Исмаил дуввум» (№4769). Өзге атауы – «Манзума-йи футухат-и шах Исмаил («Исмаил шахтың жеңістері туралы поэма»).

Шығарма XVI ғасырдың екінші жартысындағы оқиғаларға, I Тахмасп (1576-1577 жж. биледі) шахтың ұлы II Исмаил Абу-л-Музаффар шахтың билік еткен кезеңіне, арналған. Шығармада өлеңмен, эпикалық формада шахтың билігі және оның көршілермен, әсіресе, Бұхара (автор «шах-и Тур» деп атаған аштарханид әулеті билеушілері) және Хиуамен өзара байланысы суреттелген.

Шығармадан қазақтар, Тәуекел хан аталған парақтар көшіріліп алынды. Тәуекел ханның («далир» - батыл деп көрсетілген) Шайбани әулетімен соғыстары туралы баяндалады. Автор қазақтар мен өзбектерді нақты бөліп қарастырады, кейде соңғыларды «турлар» деп атайды. Сонымен қатар, өзбек билеушілерінің Меккеге қажылық жасауға ұмтылыстары туралы мәліметтері қызығушылық тудырады.

6) «Муракка-и макатиб-и Сефевидтер заманындағы хаттар жинақталған альбом. Одан «Түркістан мен Дешті Қыпшақты» ирандықтардың басып алуы туралы хат көшіріліп алынды.

7) «Муншаат» (№2361/1). Қолжазба XVII ғ. жазылған, жазуы – шикасте, насталик. Сефевидтер заманындағы парсы, араб және түрік тілдеріндегі хаттар жинағы. Жинақ авторы – атақты Сефевид тарихшысы («Рийадат-и тауарих» = «Тарих-и шах-и Аббас Сани» авторы) және Сүлеймен шахтың уәзірі – Мұхаммед Тахир Вахид Казвини. Қолжазбадан Дешті Қыпшақ туралы айтылатын Сефевидтер мен Түркістан (Бұхара) билеушілері арасындағы хат көшіріліп алынды.

8) «Муншаат» (№6323). XVII ғасырдың басында (1006/1604) құрастырылған хаттар жинағы, жазуы – шикасте, насталик. Хорасан үшін өзбектер мен Сефевидтердің күресіне қатысты, Түркістан туралы айтылатын хаттар көшіріліп алынды.

9) «Тасавир-и салатин-и Кашгар» (№5927, 15 б.). «Қашгар сұлтандарының портреттері». Қолжазбаның жазылған уақыты хижраның 773 (1371) жылы деп көрсетілген. Шығыс Түркістандағы Қашгарда билік еткен моғұл билеушілері (Суфи хан, Рашид хан, Ахмад хан, Шир Мұхаммед хан, Шам Джахан-хан және басқалар) бейнеленген миниатюралар альбомы. Қолжазбада барлығы 5 парақ, әрбір парақта екі сапалы портрет берілген.

II ИИР Парламентінің (Мәжілісінің) кітапханасы:

«Қисас-и хақани» (№3955). Қолжазба XIX ғасырда көшірілген, жазуы – насталик. Авторы – Вали-Кули Шамлу б. Давуд-Кули. Шығарма XVII ғасырдың 60-70-жылдары Қандағарда Сефевидтер әулетінің тарихына арналып жазылған. Қолжазбадан Сефевидтердің Бұхара және Түркістанның билеушілерімен қарым-қатынастары және Дешті Қыпшақ жайлы айтылған парақтар көшіріліп алынды.

«Тарих-и шах Исмаил Сефевидтер» (№1599). Қолжазба XVIII ғасырдың басында көшірілген, жазуы – насталик. Оның авторы белгісіз. Шығарма келесі айтылатын екі шығарма тәрізді Сефевид мемлекетінің негізін салған шах Исмаил I (1503-1524 жж. билік еткен) тарихына арналған. Ауыз екі тілмен жазылған нұсқа. Қазақтардың Мұхаммед Шейбани хан мен оның ұрпақтарымен қарым-қатынастары туралы мәліметтер берілген парақтар көшіріліп алын-

ды. Шығармада қазақ ханы Қасым мен оның ұлы Әбілхайыр хан суреттеледі.

«Алам-ара-йи шах Исмаил Сефевидтер» (№635). Қолжазба XVIII ғасырдың басында көшірілген, жазуы – насталик, бірнеше миниатюра берілген. Қолжазбаның авторы белгісіз. Шығарма шах Исмаил I тарихына арналған. Қазақтардың Мұхаммед Шейбани хан мен оның ұрпақтарымен қарым-қатынастары туралы мәліметтер берілген парақтар көшіріліп алынды. Шығармада Мұхаммед Шайбани ханның Қасым ханға жолдаған хатының мәтіні келтіріледі, Қасым хан мен оның ұлы Әбілхайыр хан суреттеледі және соңғысының Самарқанға жасаған жорығы туралы айтылады.

«Алам-ара-йи Сефевидтер» (№9421). Қолжазба XVIII ғасырдың басында көшірілген, муршид-нама, жазуы – насталик. Қолжазбаның авторы белгісіз. Шығарма Сефевидтер әулетінің тарихына арналған шығарма. Онда Дешті Қыпшақ, қазақтар, қырғыздар туралы бірнеше мәрте айтылады. Қолжазбадан Қасым хан, оның ұлы Әбілхайырдың (жоғарыда аталған шығармаларға қарағанда толығырақ суреттелген) Мұхаммед Шейбани хан мен Сефевидтерге қарсы жорықтары туралы баяндалған парақтары көшіріліп алынды.

«Байаз-и намаха-йи шах Аббас Сефевидтер» (№16148).

XVII ғасырда Аббас шахтың кезінде жазылған хаттар жинағы. Одан Аббас шахтың Түркістан билеушілерімен хат алмасуынан Дешті Қыпшақ туралы сөз етілген парақтар көшіріліп алынды.

6) «Муншаат» (№2260).

XVIII ғасырда құрастырылған Сефевид дәуіріндегі хаттар жинағынан Сефевид шахтарының Түркістан билеушілеріне, оның ішінде Бұхара билеушісі Абд Әл-Мүминге және Хиуа билеушісі Әбілғазы ханға жазған хаттары мен оның жауаптары көшіріліп алынды.

7) «Фарханг-и лугат-и түрк-йи джағатаи-йи джахангуша-йи Джувайни» (№9311).

Моңғол тарихы бойынша хулағид кезеңінің атақты «Тарих-и джахангуша-йи Джувайни» шығармасына қосымша. Аталған шығармада кездесетін түрік тіліндегі сөздерге түсініктеме беріледі. Қосымша толық көшіріліп алынды.

8) «Ахкам-и салха-йи түрк» (№06367).

Тоғыз трактаттан тұратын қолжазба жинағы. Оның екі үзіндісі негізінен астрологияға қатысты. Наурыз мейрамына қатысты ырымдарға, екіншісі түріктердің жануар күнтізбегіне арналған трактаттар көшіріліп алынды.

III Мешхед Орталық кітапханасы:

«Тарих-и алфи» (№10929). Қолжазба хижраның 1261 жылғы (XIX ғ.) көшірілген, 496 парақтан тұрады, жазуы – насх. Жоғарыда айтылған мұлла Ахмад б. Насраллах Дейлами Татави шығармасының екінші томы. Шығармадан Орталық Азия тарихына қатысты парақтар көшіріліп алынды.

2) «Ахбар ва лайами-л-мүлук» (№10388).

Қолжазба хижраның 12 ғасырында (XVIII ғ.) жазылған, жазуы – насталик.

Шығарманың бірінші бөлімінің авторы – Сефевид тарихшысы, шаха Сұлтан-Хусайн Сефевидің замандасы Мұхаммед Заман Исфাহани.

Жалпы тарихқа арналған ықшамдалған шығарма. Оқиғалар хижраның 1116 (1703 ж.) жылдарына дейінгі уақытты қамтиды. Қолжазбаның негізгі бөлімінің авторы Джама-Мұхаммед Хусайн. Бұл бөлім Надир-шах (1736-1747 жж. билік құрған) тарихына арналған, оған Сефевид әулетінің ертедегі тарихы туралы

мәліметтер қосылған. Одан Түристан тарихына қатысты парақтар көшіріліп алынды.

3) «Бустан-ис-сабах» (Фихрист, т. 9, 13-15-бб., №10582). Шығарманың авторы – белгілі азербайжандық саяхатшы, ғалым және ақын қажы Зайн ал-Абидин Ширвани (Мастали-шах).

XIX ғасырда көшірілген саяхатнамалық шығарма. Онда автор өзінің жас кезінде аралаған Орталық және Таяу Шығыс елдерінің мәдениеті мен географиясына қатысты мәліметтер келтіреді.

4) «Лубб-и таварих» (Фихрист, т. 3, 149-154-бб., №4269). Өзге аты «Табағат-и ам». Қолжазба XVII ғасырда көшірілген, жазуы – насталик.

«Лубб-и таварих» авторы белгісіз. Өмір Темірдің билігінің соңына дейін жеткізілген жалпы тарихқа арналған шығарма. Одан монғолдар мен түріктердің тарихына арналған парақтар көшіріліп алынды.

5) «Зинат ал-маджалис» (Фихрист, т. 9, с. 5-8). Қолжазба XIX ғасырда көшірілген, 368 парақ, жазуы – насталик.

«Зинат ал-маджалис» авторы – Сайид Мұхаммед Хусайни Тихрани Муджаддади. Жалпы тарихқа арналған шығарма, хижраның 1004 жылы (1596) жазылған. Шығарманың 9-бөлімінде – Шыңғысханның тарихы, 10-бөлімінде Сефевидтер тарихы баяндалады. Одан Орталық Азияға байланысты парақтар көшіріліп алынды.

IV «Сипахсалар» медресесінің кітапханасы. Кітапхананың ерекшелігіне сай қажетті қолжазбалар толығымен көшірілді.

«Харб-и шах Исмаил ва Шейбак узбек» (№143). Сефевидтер мен Шайбанилардың Хорасан үшін күресіне арналған поэма. Хижраның 940 (1534) жылы аяқталған Мырза Мұхаммед-Қасым Джунабадидің (Гунабади) «Шахнама-йи Исмаил» поэмасының бір нұсқасы болуы мүмкін.

«Раузат-и Сефавийа» (№1644). Шығарманың авторы – Мырза-бек Хусейн Ибн Хасан Хусайни Джунабади (Гунабади). Шығарма XVIII ғасырда жазылған, 1627 жылы аяқталған. Сефевидтер вулетінің негізінен шах Аббас I билігі тарихына арналған.

«Тарих-и шах Исмаил» (№1514). Қолжазба XVIII ғасырдың басында көшірілген, мұршид-нама, жазуы – насталик.

«Тарих-и шах Исмаил» авторы белгісіз. Шығарма шах Исмаил тарихына арналған. Мәлі-

меттері жоғарыда аталған бірнеше шығарма тәрізді. Қазақстан тарихына байланысты Дешті Қыпшақ, Қасым хан, оның ұлы Өблқайырдың өзбек сұлтандарымен бірігіп, Сефевидтерге қарсы соғысқаны туралы айтылады.

«Сафар-нама-йи Хитай» (№2916). Өмір Темірдің ұрпағы Шахрух-мырзаның (XV ғ.) елшілерінің Қытайға саяхаты туралы айтылады.

«Тарих-и Бұхара» (№1642). Өзге атауы «Тарих-и Муллазада».

Шығарманың авторы – Муллазада. Шығарма хижраның XI ғ. бірінші жартысында (XV ғ.) Нар-шахидың «Тарихи Бұхара» шығармасына өліктелі жазылған. Онда Бұхара мен оның маңында жерленген белгілі тұлғалар, олардың мазарлары жайында айтылады.

Қорыта келе айтарымыз, Иран кітапханаларындағы зерттеу жұмысы оларда ортағасырлық Қазақстан тарихына, өсіресе, Қазақ хандығы тарихына, қатысты маңызды дереккөздердің сақталғандығын көрсетті. Сондықтан, Иранда және басқа шетелдерде тол тарихымыз туралы мәліметтер бар дереккөздерді іздестіру жұмыстарын жалғастыруымыз керек. Қазіргі уақытта шет елдерден алынған тарихи дереккөздердің көшірмелері Тарихи материалдарды зерттеу Республикалық орталығына өткізілді. Енді оларды зерттеп, ғылыми айналымға енгізу тарихшылардың, деректанушылардың алдында тұрған маңызды міндет.

ӨДЕБИЕТТЕР

1. Атыгәев Н.А., Джандосова З.А. Отчет о работе в библиотеках Исламской Республики Иран // Отан тарихы. №1. 2014. – 199–202-бб.

2. Стори Ч.А. Персидская литература. Библиографический обзор. Пер. с англ., перераб. и доп. Ю.Э.Брегель. Ч. II. – М.: Наука, Гл. ред. восточной литературы, 1972. – 1315 с. – 894–1314-бб.

3. Атыгәев Н.Ө. Қазақ хандығы тарих топырығында. Очерктер. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2015. – 384 б. + 16 суретті жапсырма.

4. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. Извлечения из персидских сочинений собранные В.Г.Тизенгаузеном и обработанные А.А.Ромасовичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. – 308-б.

ӨЗ КАФЕДРАҢЫЗДЫ РЕСПУБЛИКАҒА ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Тарих (не Әдебиет, Тіл) кафедрасы сөз алады» айдарымен ЖОО-дағы Қазақ тілі, Әдебиет не Тарих (Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, т.б.) кафедраларының іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр кафедрадан кемінде 5 адам (не оқытушы-профессорлар құрамы) 1 жылға толық жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық кафедра мүшелерінің бірігіп түскен салалық фотосың және 3) кафедраның соңғы

2-3 жылдағы жетістіктері туралы 0.5–1 беттік мәлімет, 4) қанша адам жазылса, сонша оқытушының 2–2.5 (1 жылға жазылса, 4 бет) бетпен аспайтын шағын зерттеу не танымдық мақаласын жіберуі тиіс.

Ал жазылушылар саны 12-ден асқан жағдайда журнал мұқабасының ішкі 2-3-беттеріне кафедраның (не факультеттің) тыныс-тіршілігін көрсететін түрлі түсті 5-6 фотосурет қоса жарияланады.

Редакция алқасым.